

**"2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 330 қаулыға толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 490 қаулы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 09 маусымда N 5-19-98 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қаңтардағы № 2/83 хаты

*Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010.01.15 № 2/83 хаты.*

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7, 20-баптары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысы негізінде, мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында және жұмысқа орналасуда қиындық көріп отырған халықтың әртүрлі тобын қолдау үшін Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 330 қаулыға (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 30 желтоқсанда № 15-19-86 тіркелген, 2009 жылғы 4 қаңтарда «Уба-Информ» газетінің № 4 жарияланған) 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 444 «2009 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 330 қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 06 мамырда № 15-19-95 тіркелген, 2009 жылғы 08 мамырда «Уба-Информ» газетінің № 19 жарияланған) қаулымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен мынадай толықтырулар енгізілсін:

«Мақсатты топтарға жататын тұлғалардың тізбесі» 2-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес 14, 15, 16, 17-тармақтармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданының әкімі*

*Г.Ермолаев*

Шемонаиха ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 26 мамырдағы  
№ 490 қаулысына қосымша

**Мақсатты топтарға жататын тұлғалардың тізбесі**

14. Босатылған азаматтар;
15. Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан аса);
16. Өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістерге, оның ішінде жұмыс көлемінің қайта ұйымдастыру және (немесе) қысқаруына байланысты толық емес жұмыс күні тәртібімен жұмыс істейтін тұлғалар;
17. Жалақысы сақталынбайтын демалыстағы тұлғалар.